

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін 2011 жылы әлеуметтік көмек беру туралы**

***Күші жойған***

Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2011 жылғы 31 тамыздағы N 59-4 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының Әділет басқармасында 2011 жылы 22 қыркүйекте N 2-14-113 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 шілдедегі N 5-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2012.07.25 N 5-6 Шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес Көксу ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін 2011 жылдың бюджет қаражаты есебінен 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан мәслихатының ауданның білім, мәдениет, денсаулық сақтау, жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына ( төрағасы Сәрсеқұлов Нұрсағи Сәбитұлы) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н м ә с л и х а т ы  
сессиясының төрағасы С. Қылышова

хатшысы Б. Қисметов  
А у д а н м ә с л и х а т ы н ы ң

КЕЛІСІЛДІ:

" К ө к с у а у д а н ы н ы ң  
қ а р ж ы б ө л і м і " м е м л е к е т т і к

*мекемесінің бастығы*  
2011 жыл 31 тамыз

*Айгүл Нұртайқызы Шаяхметова*

*"Көксу ауданының қаржы  
бөлімі" мемлекеттік*

*мекемесінің бастығы*  
2011 жыл 31 тамыз

*Серік Сапарұлы Нұрмұханбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ